

ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯ. ҚОҒАМ БІРТҰТАС ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

1. ҚОҒАМ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАНЫМ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ
 2. ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ТИПТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ
 3. ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БОЛМЫС ДИАЛЕКТИКАСЫ
- ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ



Әр, ӘЛЕУМЕТТАНУ ФИЛОСОФИЯҒА ТОЛЫ, АЛ ӘР
ФИЛОСОФИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫҢ ҚАМТИДЫ.
П.СОРОКИН

1. Қоғамды әлеуметтік ұйымдасқан материя ретінде әлеуметтік философия зерттейді. Әлеуметтік философия жалпы философиялық білім жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Оның объектісі- әлеуметтік әлем бүкіл оның көп түрлігі мен бірлігінде. Бірақ қоғамды таным объектісі ретінде тек философия ғана емес басқада ғылымдар зерттейді. Олар қоғамның жеке саласын қарастырады, «бөліп» алғандай. Мысалы: юриспруденция- адамдардың қоғамда қалыптасқан заңдарға деген қатынастарын, жалпы құқықтық құбылыстарды зерттейді, педагогика- педагогикалық құбылыстарды, бүкіл білім беру және тәрбиелеу салаларын қамтиды, тарих- нақты белгілі бір кеңістік пен уақытқа қатысты оқиғаларды сипаттап, түсіндіреді.



- Ал, әлеуметтік философияның қарастыратын мәселелер келесі:
- * әлеуметтін жалпы даму заңдарың жалпы әлем қалыптасу жүйесінің бөлігі ретінде
- * қоғамдық болмыс және адамдардың рухани дүниесінің ерекшеліктерін, ұжымдық сананы
- * әлеуметтік құбылыстарға адамдардың құндылық қатынастарың, олардынадамдардың қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкестігін.
- Сонымен, әлеуметтік философия әлеуметтік әлемге деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады, ал мұны басқа жеке ғылымдар жасамайды, өйткені олар көпқырлы әлеуметтік құрылымның тек жеке үзінділерін зерттейді.




- Қоғам- бұл «әлеуметтік инстинктерін» қамтамасыз ету мақсатымен бірлескен,
- Адам индивидтерінің жиынтығы. Аристотель



Қоғам организм ретінде адамдардың бастары шауып тастайды және оларды механикалық

- Құралға айналдырады. Н.Федоров



- Әлеуметтік философия адамның қоғамдық өмірінің барлық «әлемдерінің» – тарих, мәдениет, дін, саясат, құқық, экономика т.б. әлемдерінің түпкі, онтологиялық негіздерін зерттейтін философиялық білім саласы.

Қоғамдық болмыс- қоғамның материалдық өмірі, ең алдымен адамдардың өндірістік қызметі және адамдар арасында қалыптасатын өндірістік, экономикалық қатынастар жиынтығы.

Қоғамдық сана- адамдардың рухани өмірі, яғни адамдар өздерінің практикалық іс-әрекетінде басшылыққа алатын идеялар, теориялар мен көзқарастар жиынтығы.



- 2. Қоғамның негізгі типологиясы келесі:
- Қарапайым қоғам- рулық-тайпалық қатынастарға, табиғи шаруашылдық формасына негізделген, еңбектің жыныс пен жас шамасына қарай бөлінуімен, стихиялық түрде ұжымды басқару ісіне қатысумен, және көбінесе көшпенділі өмір сүру мен, білімді ұрпақтан ұрпаққа ауз тілі және тәжірибе арқылы жеткізу мен ерекшеленетін алғашқы қоғамның типі.
- Дәстүрлі қоғам- аграрлы революция нәтижесінде көптеген әлеуметтік (орталыққа бағынатын мемлекет, абсолютті монархия), құқықтық, және білім институттарының қалыптасуы, жазба тілдің пайда болуы мен моногамиялық отбасының пайда болуы, қоғамдық сатыда жоғары тұрған элитарлық басқару, өзіндік пайдалану экономикасы, товар алмасу қатынастарының нығайтылуы және жеке меншіктің пайда болуы, кәсіби және ауыл шаруашылығына негізделген еңбек формасының кең тарауы, үлкен мәдени орталықтардың-қалалардың пайда болуы, ғылыми білімдердің кең өріс алуы мен ерекшеленетін қоғам типі (меншік объектісі- құлиленушілік-адам, феодалдық-жер, капиталистік-капитал).
- Индустриалды қоғам- индустриалды революция негізінде үш әлеуметтік-экономикалық заңдарды жүзеге асырды: уақытты үнемдеу, қажеттіліктерді көтеріп асыру, және еңбек алмасу. Индустриализация логикасы бойынша барлық елдер мен халықтар ұқсас сипаттарға ие болып, әлеуметтік тәртіптің біркелкілікке ұрынады, бұл процесс конвергенция тезисі деп аталады.



- Постиндустриалды қоғам- (1962ж. Дэниел Белл «Постиндустриалды қоғамның келуі») немесе информациялық қоғам деп атауға болады, өйткені оның ядросы информациялық технологиялардың қарқынды және шапшаң дамуы болып табылады. Қоғамның даму концепциялары:
- *нигилизм (Кант «біртіндеп жақсарудан өлгел жатырмың», Ницше, Шопенгауэр, Франк, Бохенский) – қоғамдық прогресстің болуына күмәнданып, мойындамау
- *географикалық детерминизм (Монтескье, Бокль, Мальтус, Кьелен) қоғам дамуында географиялық жағдайлар: климат, қазба байлықтар мен табиғи ресурстардың болуы және халық саны шешуші б.т. деп есептеу
- *элеуметтік- табиғи (Л.Гумилев)- қоғам дамуында пассионарийлер (кейбір табиғи факторлар әсерімен, күн қуатының белсенділігі немесе ғарыштық радиация т.б. аса ынталы әрекеттерге бейімді этностар) шешуші болып табылады



ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ АТҚАРАТЫҢ ҚЫЗЫМЕТТЕРІ:

1. Дүниетанымдық-әлеуметтік ф-я әлеуметтік әлемнің тек «картинасы», бейнесі ғана емес. Ол, сонымен қатар, әлеуметтік идеалдар мен құндылықтарды нақты шындықпен салыстыра отырып, оның нақты өмірмен байланысын анықтай отырып, осы әлемді жаратады да. Жалпы адамзатқа деген маңызында алсақ, әлеуметтік ф-я социум (әлеумет) жайында ең жалпы түсініктер береді деген тұжырымға келеміз.

2. Методологиялық - әлеуметтік ф-я мұны пәндік және теориялық форма ретінде қызмет ете отырып және әлеуметтік құбылыстарды тануда методологиялық бағдарлар мен жалпы ф-қ принциптерді пайдаланудың үлгісі бола отырып жүзеге асырады



- 3. Танымдық- ол танымдық мәдениеттің элементі ретінде шындықты тек бейнелеп қана қоймай, қоғамдық өмірдің заңдылықтары мен принциптерін қалыптастыра отырып, бір нәрсені ашуға қабілеті бар, белгілі бір эвристикалық ерекшеліктерімен айрықшалаынады.
- 4. Аксиология- әлеуметтік ф-я әлеуметтік болмыстың құндылық негіздерін пайымдай отырып, оның ішінде белгілі дәрежеде тәрбиелеуші функциясын да атқарады: әлеуметтік ф-я, біріншіден, танымның, гуманитарлық ойлаудың белгілі бір мәдениетін тәрбиелейді; екіншіден, адамдардың және бүтіндей қоғамның белгілі бір құндылық бағдарларын тәрбиелей қалыптастырады.
- 5. Болжамдық-әлеуметтік ф-я кейбір философиялық концепциялардағы әлеуметтік болжау жасап, ғылыми негіз іздеп қызмет атқарады.
- Сонымен, әлеуметтік ф-я ең алдымен, Тарихтағы қоғамдық болмыстың онтологиялық негіздерін зерттеумен айналысатын философиялық білім бөлігі.

